

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Химиктер күніне орай және кафедра профессорлары Тәшенов Әуезхан
Кәріпханұлы мен Рахмадиева Слукен Бигалиқызын еске алуға арналған
«Химиялық білім мен химия ғылымының өзекті мәселелері» атты
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
27 мамыр 2022 ж.**

МАТЕРИАЛЫ

**Международной научно-практической конференции «Актуальные
проблемы химического образования и химической науки», приуроченной
ко Дню Химика и посвященной памяти профессоров Ташенова Ауэзхана
Карипхановича и Рахмадиевой Слукен Бигалиевны
27 мая 2022 г.**



**ТАШЕНОВ АУЭЗХАН
КАРИПХАНОВИЧ
(04.04.1950-11.07.2021)**



**РАХМАДИЕВА СЛУКЕН
БИГАЛИЕВНА
(21.01.1952-11.07.2021)**

**27 мамыр 2022
Нұр-Сұлтан**

УДК 54

ББК 24

G99 Химиктер күніне орай және кафедра профессорлары Тәшенов Әуезхан Кәріпханұлы мен Рахмадиева Слукен Бигалиқызын еске алуға арналған «Химиялық білім мен химия ғылымының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция=Международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы химического образования и химической науки», приуроченной ко Дню Химика и посвященной памяти профессоров Ташенова Ауэзхана Карипхановича и Рахмадиевой Слукен Бигалиевны. – Нұр-Сұлтан: –б. - қазақша, орысша.

ISBN 978-601-337-690-5

Жинақта 2022 жылғы 27 мамырда Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-де (Нұр-Сұлтан қ.) өткен Химиктер күніне орай және кафедра профессорлары Тәшенов Әуезхан Кәріпханұлы мен Рахмадиева Слукен Бигалиқызын еске алуға арналған «Химиялық білім мен химия ғылымының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары жинақталған. Конференция материалдары химия ғылымы мен білім берудің әртүрлі мәселелеріне арналған және секцияларға бөлінген. Жинаққа ақымдағы мамандарға арналған.

Сборник содержит материалы Международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы химического образования и химической науки», приуроченной ко Дню Химика и посвященной памяти профессоров Ташенова Ауэзхана Карипхановича и Рахмадиевой Слукен Бигалиевны, проходившей 27 мая 2022 г. в ЕНУ им. Л.Н.Гумилева (г.Нур-Султан). Материалы конференции посвящены различным проблемам химической науки и образования и распределены по секциям. Сборник предназначен для широкого круга специалистов.

РЕДКОЛЛЕГИЯ:

***Еркасов Р.Ш., д.х.н., профессор;
Амерханова Ш.К., д.х.н., профессор;
Султанова Н.А., д.х.н., профессор;
Машан Т.Т., к.х.н., и.о.профессора;
Суюндикова Ф.О., к.х.н., доцент;
Копишев Э.Е., к.х.н., и.о.доцента***

УДК 54

ББК 24

ISBN 978-601-337-690-5

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022

Н.М. Омарова, Ж.Ғ. Қонақбаева

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

(E-mail: omarova_nm@enu.kz, zanylsynkonakbaeva@gmail.com)

Химия пәнін оқыту үрдісінде дидактикалық платформаны пайдаланудың мүмкіндіктері

Аннотация. Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Еліміз осы кезеңде білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Сол себепті жаңартылған білім беру жүйесінде оқыту үрдісіне дидактикалық платформаларды, жаңашыл технологияларды және жаңашыл-мұғалімдердің оқыту үрдісіне әртүрлі әдістердің енгізілуі қарастырылған. Оқытуда ақпараттық технологияларды пайдаланудың көмегімен білім алушылардың оқу материалдарын толық меңгеруіне мүмкіндік жасайды. Жаңашыл білім беру жүйесінің қағидасы – бәсекеге қабілетті маман дайырлау. Жаңа заманның оқытушысы – педагогикалық дағдылары бар, білім алушыларды шындай алатын, бағыт-бағдар беретін шығармашыл және күзiреттi тұлға болып табылады. Заманауи ғылымда жетекші орын алатын оқу-тәрбие үрдісі білім алушылардың бойына білім, білік, дағдыны беруге, жеке тұлғаны, азаматтықты қалыптастыруға бағытталған.

Түйін сөздер: оқыту үрдісі, ақпараттық технология, заманауи білім беру жүйесі, дидактикалық құрал, дидактикалық платформа, nearpod бағдарламасы, көрнекілік.

Оқыту үрдісі – оқытушы мен білім алушының белгіленген мақсатқа жетуге бағытталған, реттелген, бірлескен іс-әрекеті, білім алушылардың танымдық іс-әрекетін арнайы ұйымдастыру болып саналады. Оқыту үрдісінде білім алушылардың ақыл-ойы дамиды, танымы, практикалық іскерлігі және

дағдысы қалыптасады. Оқыту үрдісі бір үлкен жүйе ретінде қарастырылады, ол оқыту оның құрылымы және бөліктермен бірге сипатталады [1].

Заманауи ақпараттық құралдар мен қызметтерді оқу үрдісінде зерттеу және пайдалану өте қиын емес және оқу, тестілеу, модельдеу немесе демонстрациялық бағдарламаларды тез жасауға мүмкіндік береді. Кейбір платформалардың ашық білім беру ресурстарын тегін пайдалануға мүмкіндік беріледі [2]. Мұндай ресурстарды оқу үрдісінде тиімді қолдану білім беру жүйесіндегі ең өзекті және болашағы бар үрдістердің бірі болып табылады.

Ақпараттық технологияларды қолдану білім алушыларға қолайлы оқу қарқынын, материалды ұсынудың ыңғайлы түрін, сабақтың ұзақтығын, қосымша ақпаратты таңдауға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда елімізде енгізіліп жатқан заманауи білім беру жүйесі өз бетінше оқуға кететін уақыт мөлшерін ұзартуды көрсетеді. Оқу үрдісінде ақпараттық білім беру технологияларының рөлі артып, электронды оқулықтар мен дидактикалық платформалар жетекші орын берілді [3].

Оқытудың материалдық құралдары басқаша дидактикалық құралдар немесе қазіргі таңда оқу үрдісінде қолданылатын дидактикалық платформалар деп атауға болады. Дидактикалық құралдар көбінесе сенсорлық модальділік бойынша жіктеледі (олардың оқу үрдісіне әсері қандай сезім мүшелері мен ақпарат беру әдістеріне байланысты). Осы негізде дидактикалық құралдарды визуалды, аудио, аудиовизуалды, тренажерлар және әмбебап деп бөлуге болады.

Оқыту үрдісінің керекті құрамдас бөлігі дидактикалық құралдар болып табылады. В.Оконь атап өткендей [4], дидактикалық құралдар оқу-тәрбие жұмысының соңғы нәтижелеріне шешуші әсер етпесе де, қолданылатын оқыту әдістерін байыта отырып, олардың тиімділігінің өсуіне ықпал етеді. Оқытушы қолданатын әдістер мен оқытудың ұйымдастырушылық формалары жүйесіне дұрыс таңдалған және шебер енгізілген дидактикалық құралдар көрнекілік принципін жүзеге асыруда көмектеседі. Осының арқасында олар білім алушылардың білімді тікелей білу жағдайларын жақсартып қана қоймай, сонымен қатар таным, ақыл-ой белсенділігі, сонымен бірге практикалық іс-

әрекеттің әртүрлі түрлері негізделген әсерлер мен бақылаулар түрінде материал береді.

Nearpod [5] - бұл оқыту материалдарын жасауға, оларды білім алушыларға көрсетуге және нақты уақыт режимінде олардың қызметінің нәтижесін бақылауға мүмкіндік беретін инновациялық интерактивті онлайн платформа. Бұл бағдарламамен жұмыс істеу үшін ғаламтор желісіне мүмкіндігі бар кез келген құрылғы түрі (планшет, дербес компьютер, ноутбук немесе смартфон) қажет. Бұл онлайн платформа екі қол жетімділік режимін ұсынады – білім алушы мен оқытушы үшін.

Оқытушы режимі оқу презентацияларын жасауға, оларды қажетті мазмұнмен толтыруға және білім алушылармен бөлісуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде алынған өнім жаңа материалды көрсету немесе бақылау үшін ақпараттық, оқыту функциясын атқара алады және бәрін бірден біріктіре алады. Бұл оқытушының қандай мақсаттарға ұмтылатындығына және презентацияда ақпарат беру сонымен қоса жинау үшін қандай құралдарды таңдайтынына байланысты.

Сондай-ақ, оқытушы әртүрлі пәндер бойынша дайын презентациялар кітапханасын пайдалана алады. Жалпыға қол жетімді материалдарды жүктеуге болады. Бұл онлайн-платформада қажетті арнайы құралдардың жиынтығы бар. Онда суреттерді, графиктерді, диаграммаларды, аудио және бейне файлдарды жүктеу мүмкіндігі, сауалнамалар, викториналар, тесттер жасауға болады. Білім алушылардың жауаптарын оқытушы қадағалайды және оларды таныстыру мүмкіндігі бар. Қандай да бір тақырыпты тереңірек түсіну және жұмыс істеу үшін ашық сұрақтарды қолдану мүмкіндігі бар, сонымен қоса білім алушылар өздерін көрсете алуы үшін "тақта" құралы бар, онда кез-келген нәрсені графикалық түрде бейнелеуге болады [6]. Мұның бәрі оқу үрдісін қызықты, мазмұнды, көрнекі, танымдық, интерактивті және тұлғаға бағытталған етуге мүмкіндік береді.

<file:///C:/Users/Пользователь/Downloads/Таза%20заттар%20және%20қоспалар.pdf>.

Бұл сілтемеде 7 сынып химия оқулығының «Таза заттар және қоспалар» тақырыбына жасалынған сабақтың үлгісі. Онда сабақты презентация түрінде сонымен қатар видео қосу және онда қойылған сұрақтарға жауаптар беру секілді құралдары қарастырылған.

Nearpod бағдарламасымен жұмыс істеу барысында осындай артықшылықтары анықталды:

1. Оқу презентацияларын жасау және сақтау оңай;
2. Дайын материалдарды жүктеу мүмкіндігі;
3. Алуан құралдарын құру үшін сапалы оқыту өнімді;
4. Білім алушылардың ынтасы мен белсенділігін арттыру;
5. Жұмыс барысын нақты уақытта бақылау және нәтижелерді режимде өңдеу ыңғайлылығы;
6. Қашықтықтан оқыту үшін пайдалану мүмкіндігі.

Қазіргі таңда жаңа технологияларды меңгеру оқытушының интеллектуалдық, адамгершілік, рухани, азаматтық келбетінің қалыптастыруына игі әсерін тигізіп, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Білім беру саласындағы оқудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан — жақты маман иесі болу мүмкін емес.

Қазіргі заманғы білім беру технологиялары бойынша білім алушы өзінің жүйелі білім меңгеруіне деген мүмкіндіктерін ашады. Ал, оқытушы үшін оқу үрдісінде осы технологияларды ұтымды қолдану арқылы тәжірибе жинақтау және болашақ маман иелерінің кәсіби-тұлғалық қасиетін дамыту, біздің мемлекетімізде жүргізіліп жатқан жаңа білім беру жүйесінің мақсаттары мен талаптарын жүзеге асырып, білім алушыларды, яғни болашақ мамандық иелерін алдағы кәсіби-педагогикалық қызметке неғұрлым жетілген деңгейде дайындауда уақыт рухына, қазіргі заман талабына сай жоғары сапалы білім беріп тәрбиелейтіні анық.

Әдебиеттер тізімі

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика: Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы, 2000 – 384 б.
2. Қырықбаев М.М., Нұрсеитова Н./ Цифрлы технологияларды пайдалану арқылы оқу үрдісін жетілдіру // Международный научный журнал «ВЕСТНИК НАУКИ» № 5 (14) Т.4. – 2019.
3. Андреева, Н. Ю. Внедрение инновационных технологий при изучении химии в средней школе / Н. Ю. Андреева, Н. В. Кошкина// Актуальные проблемы химии и образования. – Астрахань : АГУ, 2018.
4. Бабина, Н.Ф. Технология методика обучения и воспитания учебное пособие. 2 бөлім. - Москва : Директ-Медиа, 2015. - 328 б.
5. Панюкова С.В. Цифровые инструменты и сервисы в работе педагога. Оқу-әдістемелік құрал. – М,: «Про-Пресс», 2020. – 33 б.
6. Соловьева Д.Б. Использование платформы Nearpod для эффективного мобильного обучения / Волгоградский филиал Автономной некоммерческой организации высшего образования Московского гуманитарно-экономического университета, 2020. - 35-37 б.